

1920-1930 ЖЖ. ОМБЫ ЖЕРІНДЕГІ САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН

Сәрсембина Қ.Қ. тарих ғылымдарының кандидаты
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

1920-1950 жылдардағы саяси қуғын сүргін КСРО аумағын түгелдей камтыды. Түрлі аймақтар, ұлттар мен халықтар тоталитарлық қоғамның зардабын тартып, қасіретін шекті. Кеңестік тоталитарлық қоғам ұлт мүддесін аяққа басу, ұлт рухын әлсірету мақсатында саясат жүргізіп, «кеңес халқын» қалыптастыру ісін қарқынды қолға алды. КСРО-да 1920-1930 жылдардағы саяси қуғын-сүргін социалистік құрылысты орнықтырудағы шаруашылық механизмінің ажыратылмас бөлігіне айналды. 1920 жылдан бастап БТК (ВЧК) – БСБ (ГПУ) – ПХК (НКВД) халық арасынан «кеңестерге қарсы мәліметтерді» жүйелі түрде жинаған. Жак Россидің айтуынша, 1920 жылдың басынан бастап-ақ «контрреволюциялық» немесе «антисоветтік» іс-әрекеті үшін 6 айдан жоғары мерзіммен бас бостандығынан айыру жазасы белгіленген. Ал, 1930 жылы РКФСР Қылмыстық кодексінің 58-10 бабымен 10 жылға сотталғандар саны миллионға жетіп, ГУЛАГ-тағы тұтқындар 25 пайызды құраған. Осы баппен сотталғандар түрмелер мен еңбекпен түзету лагерлерінде «агитатор» деген атты иеленген. 1921-1954 жылдары аралығында КСРО-да «контрреволюциялық» немесе «кеңестерге қарсы» деген жаламен 3 миллион 777 мың адам сотталған, ал олардың 642 мыңы ату жазасына кесілгендігі туралы да айтылып жүр[1].

1928-1931 жылдар аралығында ескі зиялы қауым өкілдерін қудалап, жою мақсатында жүргізілген үш процесс “Шахтинск ісі.” (1928 ж.), “Промпартия процесі” (1930ж.), “Меньшевиктер бюросының одағы” (1931ж.) заңсыздықты бастап, жаппай тұтқындауға жол ашты[2]. Сөйтіп, “контрреволюциялық ұйымдарды іздестіру науқаны басталады. Жазықсыз айыпталғандарға «буржуазияшыл-ұлтшыл» деген айып тағылды. Олар әртүрлі мерзімге түрмеге қамалды, ату жазасына кесілді, еріксіз жер аударылды. Ұлт жанашырларына негізінен КСРО-ны құлату мақсатында жасырын контрреволюциялық ұйымдар құрды деген заңсыз айыптаулар тағылды. Қоғамның рухани тірегі болған дін өкілдері қудаланды. «Құдайсыздар одағын» құрған қызылдар билігі дінге қарсы шығып, дінсіздіктің тамырын жаюға ұмтылыс танытты.

1937-1938 жылдары саяси қуғын-сүргін жалпылама бағыт алды. Тоталитарлық машина қоғамдық қайраткерлерден бастап қарапайым адамдарға дейін саяси қуғын-сүргінге ұшыратты. Омбы жерінде де саяси қуғын-сүргін жалпылама бағыт алып ұлт зиялылары мен қарапайым шаруалар, кеңестік билікке қызмет еткендер, діни өкілдер жазықсыз қудаланды, атылды, жер аударылды. Омбыдан оқу бітірген қазақ зиялылары қазақ халының мұң-мұқтажын жоқтап, азаттық алу, халқының өзгелерден кем болмауы үшін қызмет етті. Сондай тұлғалардың бірі - Асылбек Жұманұлы Сейітов. Ол 1894 жылы Омбыда Батыс Сібір генерал-губернаторы кеңсесі аудармашысының отбасында дүниеге келген. 1911 жылы он жеті

жасында Омбының классикалық ерлер гимназиясын тәмәмдап, Томск Мемлекеттік университетінің медицина факультетіне оқуға түскен. Дәрігер мамандығын алған Асылбек Сейітов қазақ халқының сол кезеңдегі проблемаларын көре біліп, жас болса да «Қазақ» газетінің беттерінде қоғамдық ұйым құру, Ресейдегі қазақ студенттеріне көмек беру тақырыбында мақалалар жазған еді. Елін сүйгендердің басын біріктірген «Алаш» партиясының белсенді мүшесі ғана емес, хатшысы болғандығы тарихтан мәлім[3].

Асылбек Сейітов бүкіл елде қолға алынған ауыл шаруашылық санағын жүргізу жұмысына қатысқан. 1917 жылдың желтоқсан айында Орынбор қаласында өткен Бірінші бүкілқазақтық съезге делегат ретінде қатысып, секретариатқа сайланады. 1918 жылы Омбыда құрылған жастардың «Бірлік» ұйымы жетекшілерінің бірі Асылбек және Мұсылманбек Сейітовтер болғандығы да тарихтан мәлім. 1922-1937 жж. аралығында Семипалатинск денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарған. Еліміздің денсаулық сақтау саласына өлшеусіз қызмет еткен. 1937 жылы Қазақ халықтық денсаулық сақтау комитетіне бөлім меңгерушілігіне тағайындалса да, дәрігерлік қызметін қоса атқарған. «Тән саулығын сақтау» тақырыбы төңірегінде ғылыми мақалалар жазып, халықтың медициналық сауатын көтеруге аянбай қызмет еткен.

1937 жылдың қараша айының соңында Алматы қаласындағы темекі фабрикасының жанындағы амбулатория базасында ашылған №5 емхана басшысы болып тағайындалғанымен, 1-желтоқсанда тұтқындалып, жазықсыз айыпталып, он жыл мерзімге хат алмасу құқығынсыз сотталады[3]. Бұл ату жазасына кесілген үкімді меңзейтін еді. Асылбек Сейітов атылған соң отбасы мүшелері де тағдыр тауқыметін көп тартады.

39 жасында саяси қуғын-сүргінге ұшырап, жазықсыз атылып кеткен қоғам қайраткері Әбілқайыр Досов 1916 жылы Омбы орыс-қырғыз (қазақ) жетім балалар пансионында тәрбиеленіп, қазақ оқушы жастарының «Бірлік» мәдени-ағарту үйірмесіне мүше болған. 1920 жылы қазан айында өткен Қазақ советтерінің 1-құрылтай съезінде Қазақ АКСР ОАК-нің төралқа мүшесі және хатшысы болып сайланды. 1922-1926 жылдары Семей губерниялық атқару комитетінің, Түркістан облысы ревкомының, Орал облысы атқару комитетінің төрағасы қызметтерін атқарған. 1933-1937 жылдары БК(б)П Қазақстан өлкелік комитетінің, Қазақстан КП ОК-нің, БОАК және Қазақ ОАК-нің мүшесі болып сайланған[4].

Әбілқайыр Досов қызмет жасаған жылдары қазақ халқының мүддесін қорғап, ұлт болмысын сақтауға қызмет еткен тарихи тұлға. 1937 жылы 28 қарашада жалған саяси айыппен тұтқындалып, 1938 жылы 8 наурызда КСРО Жоғарғы Соты Әскери коллегиясының үкімімен ату жазасына кесілген.

Мемлекет қайраткері, аудармашы Хамза Жүсіпбеков 1920-1922 жылдары Омбы, Ақмола губернияларында, Көкшетау уезінде жауапты қызметтер атқарған. 1933-1936 жылдары Қазақстан кәсіподақтар кеңесінің төрағасы, Қазақ АССР әділет халық комиссары, коммуналдық шаруашылық халық комиссарының орынбасары қызметтерін атқарған. Х.Жүсіпбеков 1937

жылы күзде «халық жауы» деген жалған айыппен тұтқындалып, 1938 жылы ату жазасына кесілді[4].

1896 жылы 15 шілдеде Ақмола облысы, Омбы уезі, Беке болысындағы «Ауыздағы Қаржас» ауылында дүниеге келген ұлт зиялысы Қошке Кемеңгерұлы да саяси қуғын-сүргін құрбаны болды. Ғалымның жазған туындылары қазақ халқының өшпес рухани мұралары болып табылады. Қазақ халқының жай-күйін жанымен сезініп, мұқ-мұқтажын білгеннің арқасында ұлтқа пайдалы қомақты дүниелер жазып қалдырды. Мәселен, 1927 жылы Г.Архангельскийдің құрастыруымен орыс тілінде жарық көрген «Қазақ тілінің грамматикасы», 1924 жылы Мәскеуде жарық көрген «Қазақ тарихынан», «Бұрынғы езілген ұлттар», «Егін салу турасында» деген зерттеулері, «Қазақтың тарихы тұрмысынан» («Темірқазық» журналы, 1923, № 2, 3), «Бұрынғы езілген ұлттар» (Мәскеу, 1925), «Егін салу турасында» (1923), екі кітаптан тұратын «Оқу құралын» (Ташкент, 1928; Қызылорда, 1929), драма саласындағы «Әулие тәуіп» (1918), «Қасқырлар мен қойлар» (1920), «Бостандық жемісі» (1919), «Күнәсіз күйгендер» (1930), «Алтын сақина» (1923), «Парашылдар» (1926), «Ескі оқу» (1927) пьесалары, «Жас азамат» беттерінде жарияланған мақалалары қазақ тарихында мәңгілік қалды. 1926 жылы 13 қаңтарда Қазақ драма театры (тұңғыш директоры әрі бас режиссері — Д.Әділов) Қ.Кемеңгерұлының «Алтын сақина» пьесасымен тұңғыш шымылдығын ашқандығы да тарихтан белгілі[5, 3 б.].

Ғалымның «Тұтқынның ойы» әңгімесі (1919), «Отаршылдың ұсқындары» (1925), «Қанды толқын» (1926) әңгімелерінде қазақ қауымының күрделі әлеуметтік жағдайы жан-жақты сипатталған. Сонымен қатар, «Ерлік жүректе» (1924), «Қазақ әйелдері» (1924), «Жетім қыз» (1924), «Момынтай» (1925), «Дүрия» (1927), «Назика» (1928) атты әңгімелерінде сол бір ауыр кезеңдегі қазақ қызының тағдырын сомдайды. Прозадағы ірі еңбегі — замандас қайраткерлер туралы 1925–1937 жылдары жазылған романы. Бұл кітаптың қолжазбасын 1937 жылы НКВД тәркілеген[5].

Қызылдар билігі ұлт зиялыларын түгелдей дерлік саяси қуғын-сүргінге ұшыратқанда, 1930 жылы 17 қыркүйекте Қошке Кемеңгерұлы М.Әуезовпен, М.Күдеринмен бір күнде тұтқындалып, «кеңес үкіметіне қарсы әрекет жасаушы» деген жалған айыппен Ташкентте ұсталып, абақтыға қамалады. 1930 жылы қазан айының соңында Ташкенттен Алматы абақтысына айдалады. Ол Алматы түрмесінде нақты айып тағылмай, тергелмей 1932 жылдың сәуір айының соңына дейін отырады. Дәлел келтірсек: «ҚСР-ындағы ОГПУ басқармасына тергеуде жатқан Қошмұхабет Кемеңгерұлынан Мәлімдеме.

Жазықсыз абақтыда отырғаныма, міне, 10 ай өтті. Маған Қылмыс кодексінің 58 (11–7) бабы бойынша айып тағылыпты. Бірақ мен өзімді кінәлі санамаймын. Кеңес өкіметіне қарсы күресу үшін жеке басылық немесе қоғамдық сипаттағы салмақты негіз болу керек. Менде ондай жағдай болған емес, нақтырақ айтсам, мұғалім кезімде материалдық тұрғыдан толық қамтамасыз етілген едім, бұған қоса шығыстану факультетінің аспиранты ретінде маған ғылыми перспективалар ашылғанды. Қоғамдық сипаттағы

негізде Кеңес өкіметіне қарсы болу деген — қаражүзділердің реакциялық әрекеттерін, ұлы державалық шовинизмді қайта жандандыру. Мұндай қаскүнемдікті кім жақтайды?

«Алаш Орданың» басшылығындағы буржуазиялық-ұлттық қозғалыспен байланысымды 1919 жылдың басында үзгенмін. Содан бастап мен өзімді ілгері ұмтылғандардың қатарындамын деп есептеймін, мұны жарияланған еңбектерім (дұрыстап аударылып, түсінік жасалса) растайды. Ұлтшылдық дүниетаным қалдықтарынан 1922 жылы, Қазақстандағы коллективтендіру мен таптық айырылым қатаң басталған уақытта біржолата кұтылдым.

7 жыл ішінде мен Ташкентте түрлі оқу орындарында сабақ бердім. Осы уақытта менен дәріс тыңдаған шәкірттердің қайсысы болсын сабақ үстінде Кеңес өкіметіне қарсы ой білдіргенімді айтса, өзімді айыпты санар едім. Маған шығыстану факультетінің екі студенті жала жауып, куәлік беруі мүмкін деп ойлаймын, өйткені олар өздерінің жеке карьерасының жолында мені бәсекелес деп пайымдаушы еді. Жыл сайын жазда қымызбен емделу үшін мен Сібір өлкесіндегі ауылыма барамын. Егер туған ауылымдағы біреу мені кеңестік шараларды бұзды, Кеңеске қарсы үгіт жүргізді десе, өзімді айыпты санар едім. Қайта мен туған елімде егінді кеңейтуге, жайылымды жақсартуға, колхоз құруға ықпал жасадым. 10 ай ішінде маған шімірікпестен жала жапқандармен жүздестірмеуді заңсыздық деп есептеймін.

Мен Сіздерден өз қолыммен жазған куәліктеріме ғана назар аударуларыңызды сұраймын. Ташкентте тергеуші Ағабековке берген жауабымды біржақты деп санаймын. Өйткені ол: қараңғы карцерге саламын, тіпті атқызамын, — деп қорқытты. Мен ІІІ дәрежелі туберкулезбен ауырамын, мұны анықтаған комиссияның 2 шілдеде берген актісі бар. Олар мені І-топтағы инвалид деп тапты. Абақтының ауыр жағдайында туберкулездің салдарынан ерте жан тапсыруым мүмкін.

Менің осы айтқандарыма назар салып, емделу үшін босатуларыңызды өтінемін. Тіпті болмаған жағдайда қолхат беріп аз-кем сауығып алсам деймін. 17 шілде, 1931 жыл. Алматы абақтысы» [6, 199-200 бб.].

Қошке Кеменгерұлы 1932 жылы 20 сәуірде Үштіктің Шешімімен 58–10; 11-бап бойынша ұсталған мерзімінен бастап 5 жылға Валуйки қаласына айдалған[7]. Украинаның Валуйки қаласына жер аударылған Қ.Кеменгерұлы онда темір жол саласында дәрігер қызметін атқарған. Сол жерде 1932–1933 жылдары С.Садуақасұлы инженер болып қызмет жасаған еді. Сондай-ақ Валуйки, Воронеж бағытында Х.Досмұхамедұлы, Ж.Досмұхамедұлы, Е.Омарұлы, С.Қадырбайұлы, К.Тоқтыбайұлы, М.Тынышбай, Ж.Күдеріұлы, М.Мырзаұлы сынды азаматтар жер аударылғандығы белгілі[5, 3 б.].

Қ.Кеменгерұлы 1935 жылы босатылып, Омбының Шарбақкөл аудандық ауруханасында дәрігер болып қызмет жасайды. 1937 жылы 7 тамызда қайта ұсталып, 21 қарашада Омбы қаласында атылды. Қошмұхамбет Кеменгерұлы 1957 жылы 17 тамызда Сібір әскери округы әскери трибуналы қаулысымен ресми ақталды.

Қоғам қайраткері, әдебиет сыншысы, публицист Ғаббас Тоғжанов 1917 жылы Омбы гимназиясын бітіріп, 1922-1923 жылдары Ташкенттегі Орта

Азия университетінде, кейін Мәскеудегі В.Г. Плеханов атындағы халық шаруашылығы институтында білім алған. 1922-1923 жылдары Ташкентте шыққан «Жас алаш» газетінің жауапты хатшысы, 1923-1924 жылдары КСРО ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты Орталық Күншығыс баспасы қазақ секциясының хатшысы қызметтерін атқарған. Қазақ КСР ХКК жанындағы көркемөнер істері жөніндегі басқарма бастығы қызметтерін атқарып жүргенде (1937 жыл) жазықсыз айыпталып, саяси қуғын-сүргінге ұшыраған[7]. Омбы жерінде білім алған зиялылардың барлығы дерлік саяси қуғын-сүргін құрбаны болды. Қоғамдық қызметті белсене атқарған зиялылармен бірге қарапайым еңбек адамдары да, діни қайраткерлер де саяси қуғын-сүргінге ұшарады. Солардың бірқатарына тоқталсақ[8].

Аделкас (Адилкас) Абаев 1906 жылы Омбы облысы Таврическ ауданы Қара-Сарым ауылында дүниеге келген. «Алғабас» колхозының мүшесі болған. 1937 жылы 10 қыркүйекте қамалып, Омбы облысы бойынша УНКВД жанындағы үштік шешімімен РСФСР Қылмыстық Кодексінің 58-10 бабымен сол жылдың 29 қазанында еңбекпен түзету лагеріне 10 жылға бас бостандығынан айырылып, айдалған. 1989 жылы 25 мамырда Омбы облысы прокуратура шешімімен ақталған.

Әшім Абаев 1981 жылы Омбы облысы Таврическ ауданы Қара-Сарым ауылында дүниеге келген. «Алғабас» колхозында қарапайым еңбекші болған. 1937 жылы 9 қыркүйекте ұсталып, сол жылдың 29 қазанында Омбы облысы бойынша УНКВД жанындағы үштік шешімімен РСФСР Қылмыстық Кодексінің 58-10 бабымен ату жазасына кесілген. 1937 жылы 2 қарашада Омбы қаласында атылған. 1989 жылы 25 мамырда ақталған.

1902 жылы Омбы облысы Таврическ ауданы Қара-Сарым ауылында дүниеге келген Қасым Абаев та саяси қуғын-сүргін құрбаны болған. «Алғабас» колхозында қарапайым еңбекші болған. Омбы облысы бойынша УНКВД жанындағы үштік шешімімен РСФСР Қылмыстық Кодексінің 58-10 бабымен сол жылдың 29 қазанында еңбекпен түзету лагеріне 10 жылға бас бостандығынан айырылып, айдалған. 1989 жылы 25 мамырда Омбы облысы прокуратура шешімімен ақталған.

1891 жылы Омбы облысы Русско-Полянск ауданында дүниеге келген. Омбы облысы Черлак ауданында «Қызылту» ауыл шаруашылық артелінің мүшесі болған. 1937 жылы 11 қыркүйекте ұсталып, сол жылдың 27 қазанында Омбы облысы бойынша УНКВД жанындағы үштік шешімімен РСФСР Қылмыстық Кодексінің 58-10-11 бабымен ату жазасына кесілген. Үкім 1 қарашада Омбыда орындалған. 1961 жылы 11 қыркүйекте Омбы облсоты Президиумының қылмыстың жоқтығы деген шешімімен ақталған.

1983 жылы Омбы облысы Русско-Полянск ауданында дүниеге келген Амантай Әбдірахманов (Абдрахманов) «Қызылту» ауыл шаруашылық артелінің мүшесі болып жүргенде 1937 жылы 11 қыркүйекте ұсталып, қазанында Омбы облысы бойынша УНКВД жанындағы үштік шешімімен РСФСР Қылмыстық Кодексінің 58-10-11 бабымен ату жазасына кесілген. 1937 жылы 1 қарашада Омбы қаласында атылған. 1961 жылы 11 қыркүйекте

Омбы облсоты Президиумының қылмыстың жоқтығы деген шешімімен ақталған.

Ахмет Абрахманов 1890 жылы Ақмола облысының 5 ауылында дүниеге келгенімен, Омбы облысы Любинск ауданы Шулаев ауылдық кеңесінде колхозшы болған. 1934 жылы 2 тамызда тұтқындалып, 1935 жылы 21 сәуірде Омбы облсотының арнайы коллегиясы шешімімен РСФСР Қылмыстық Кодексінің 58-10-11 бабымен 5 жылға бас бостандығынан айырылып, еңбекпен түзету лагеріне айалған. 1935 жылы 10 маусымда іс тоқтатылғанымен, 1999 жылы 18 қарашада ақталған.

1884 жылы Омбы облысы Шарбақкөл ауданы Шахман ауылында туған әрі сол уаылдың тұрғыны Рахим Абдрахманов та колхозшы болып жүргенде 1937 жылы 28 шілдеде тұтқындалып, Омбы облысы бойынша УНКВД жанындағы үштік шешімімен РСФСР Қылмыстық Кодексінің 58-2-8-10-11 бабымен ату жазасына кесілген. Үкім 1937 жылы 21 қарашада Омбы қаласында орындалған. 1957 жылы 13 тамызда ақталған. Шахман ауылының тағы бір тұрғыны Шайкен Әбдірахманов (Абдрахманов, 1895 жылы туған) колхозда жұмыс жасап жүргенде 1937 жылы 28 шілдеде Омбы облысы бойынша УНКВД жанындағы үштік шешімімен РСФСР Қылмыстық Кодексінің 58-2-8-10-11 бабымен ату жазасына кесілген. Үкім 1937 жылы 21 қарашада Омбы қаласында орындалған. Бұл кісі де 1957 жылы 13 тамызда ақталған.

Омбы облысы Шарбақкөл ауданының Мырзаболат ауылының тұрғыны, колхозшы Жүніс Абдреисов (1869 жылы туған) 1938 жылы 18 ақпанда тұтқындалып, сол жылдың 15 наурызында Омбы облысы бойынша УНКВД жанындағы үштік шешімімен РСФСР Қылмыстық Кодексінің 58-2-8-9-11 бабымен ату жазасына кесілген. Үкім 1938 жылы 20 наурызда Омбы қаласында орындалған. 1956 жылы 11 қаңтарда ақталған. Ал, 1891 жылы Омбы облысы Шарбақкөл ауданы Жанан ауылында дүниеге келген Кәрім Абдреисов (Карым, Карим Абдрисов) нақтылы кәсібі болмаса да, 1937 жылы 7 қазанда Шербакөл ПХК аудандық бөлімімен тұтқындалған. 1937 жылы 21 қарашада Омбы облысы бойынша УНКВД жанындағы үштік шешімімен РСФСР Қылмыстық Кодексінің 58-10 бабы, 166 бабының 2 бөлімімен ату жазасына кесілген. 1937 жылы 23 қарашада Омбы қаласында атылған. 1989 жылы 6 маусымда ақталған.

Айта берсек, осылайша тізіліп кете беретін тізім Кеңестік биліктің қылмысын айғақтайды. Бір адамды ұстау арқылы, бір топ адамды жазалау сол кезеңдегі саяси қуғын-сүргіннің басты белгісі болды. Бір күнде қаншама адам ұсталып, бір күнде қаншама адам атылған. Ұлт зиялыларын ұлтқа қызмет етті деген желеумен тұтқындап, саяси қуғын-сүргінге ұшыратса, ал қарапайым еңбек адамдарын «кеңестерге қарсы» үгіт – насихат жұмыстарымен айналысты деген желеумен зобалаңға ұшыратты. Қайғы-қасіреттің ауқымдылығында шек жоқ. Бір адамды жазықсыз жазалау арқылы бірнеше адамды соттап, түрмеге айдап, ату жазасына кескен ызылдар билігі адамзат тарихында кешірілмес қылмыс жасады. Барлық өңірлердегі саяси

қуғын-сүргінге ұшыраған тұлғаларды кешенді зерттеу арқылы, ұлттық сананың өрлеуіне толыққанды үлес қосамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ефимов Е., Щетинин Ю. Три процесса над старой интеллигенцией // Политическое образование.-1989.-№ 6.- С. 73-77
2. Кауль Т.Н. От Сталина до Горбачева и далее.-М.: Прогресс, 1991.-224.
3. Төлебаев Д. Алашқа адал қызмет еткен арда азамат. Алаш айнасы.-13.04.2017.
4. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. Алматы, 2002.-4 т. 550 б.
5. Қамзабекұлы Д. Қошке /Егемен Қазақстан.-2007.-15 тамыз.
6. Қ. Кеменгерұлы. Шығармалары /Құраст. Д.Қамзабек- ұлы. — Алматы: Алаш, 2005. — 280 б.
7. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. Алматы, 2002.-3 т. 550 б.
8. Забвению не подлежит. Книга Памяти жертв политических репрессий Омской области. Т. 1.-Омск: Книжное издательство, 2000. — 480